

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы жоғары аттестациялық комиссияның жекелеген мәселелері

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 5 шілде 1993 ж. N 572

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Жоғары аттестациялық комиссияның жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагог кадрларды аттестациялайтын Мемлекеттік органдардың халықаралық қауымдастығы жұмысына қатысуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Жоғары аттестациялық комиссияның орталық аппараты қызметкерлерінің шекті саны бір адамға ұлғайтылсын.

2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Жоғары аттестациялық комиссияның штатына бас ғалым хатшының орынбасары лауазымы енгізіліп, оған министрліктің, ведомствоның дербес басқармасы, бөлімі бастығының деңгейінде лауазымдық жалақы белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Жоғары аттестациялық комиссияның бас ғалым хатшысының лауазымдық жалақысы айына 62 мың сом мөлшерінде белгіленсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі